

## Шортанбай селолық округіне қарасты Жасталап ауылына көше атауларын беру туралы

### *Күші жойған*

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Шортанбай селолық округі әкімінің 2009 жылғы 16 қазандағы N 4 шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 29 қазанда N 4-8-161 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Шортанбай селолық округі әкімінің 2010 жылғы 22 қазандағы N 77 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Шортанбай селолық округі әкімінің 2010.10.22 N 77 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2-тармағы негізінде, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағын басшылыққа алып, аудандық ономастикалық комиссиясының 2009 жылдың 16 қазанындағы № 16 хаттамасына сәйкес және Жасталап ауылы тұрғындарының сұранысы негізінде

### **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Жасталап ауылындағы атауы жоқ 2 көшеге "Ахмет Жұбанов", "Мағжан Жұмабаев" атаулары берілсін.

2. Шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан бастап күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*С. Набидулаев*